«Астана медицина университеті» АҚ
Еңбек гигиенасы, коммуналдық гигиена кафедрасы

# *Мектеп оқушылары арасындағы омыртқа жотасы қисаюының себептері*

**Ғылыми жетекші: аға оқытушы Мукашева К.М.**
**Орындаған: Ерғасен А.**

Астана, 2017

# ТАҚЫРЫПТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ:

- **Омыртқа жотасының қисаюы** – еш жағдайда өз бетімен жіберуге болмайтын кең таралған арқа зақымдалуының бірі.  Себебі, омыртқа жотасы мен қабырғалар арасында өмірлік маңызды ағзалар жатады. Сколиоздың асқынулары ретінде әр түрлі жүрек ақаулары, қанайналым жүйесі, тынысалу, жыныс бездері мен несеп жолдары функциясы бұзылыстары дамуы мүмкін.
- Қазіргі таңда, өкінішке орай, біздің мемлекетте адамдарда омыртқа жотасы ауруларының деңгейі жоғары. Көп жағдайларда ата-аналар балаларының сколиоздың бастапқы белгілеріне назар аудармайды және сколиоздың ауыр формасы дамығанда бірақ көмекке жүгінеді. Баланың көтеретін сөмкесі, отыратын партасы, оның дене салмағы мен бойына сәйкес келе бермейді. Шамадан тыс ауыр зат көтеру және оны ұзақ уақыт көтеріп жүру баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін.
- *Қазіргі уақытта өзекті мәселе болып сколиоз ауруына ата-аналардың, медицина қызметкерлерінің, мемлекеттің аса көп назар аудармауы нәтижесінде жалпы балалар аурушаңдығының жоғарылауын айта аламыз. Сколиоз ауруының проблемасы айтылып келсе де, оны төмендетуге бағытталған шаралар шамалы.*

# ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ:

Астана қаласы №75 мектеп-гимназиясында оқушылар арасында кездесетін омыртқа жотасы қисаюының кездесу жиілігінің себептерін анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

1. 1, 5, 11 сынып оқушыларының омыртқа жотасы ауруларының жалпы даму үрдісін анықтау;

2. Ата-аналар мен оқушылардың сауалнама қорытындысын жасау;

3. Оқушыларға арналған мектеп жиһазының санитариялық талаптарға сәйкес болуын анықтау;

4. Бастауыш сынып оқушыларының партада отыру тәртібінің мониторингі;

5. Оқушылардың сабақта 5 минуттық денені шынықтыру әдісінің жүргізілуін анықтау.

# ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

**Зерттеу объектісі:** Астана қаласы әкімдігінің «№75 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Зерттеу материалдары:** 2130 оқушының профилактикалық медициналық тексеру нәтижелері, 1-сыныптан 30 оқушы, 5-сыныптан 30 оқушы және 11-сыныптан 28 оқушы мен ата-аналарының сауалнама қорытындылары, Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының статистикалық мәліметтері.



**Зерттеу әдістері:**

1. статистикалық;
2. сауалнама жүргізу;
3. құралдық өлшеу;
4. ақпараттық-аналитикалық.

# 2011-2014 жылдар арасындағы Қазақстанда халық арасындағы жас ерекшелігі бойынша сколиоз аурушаңдығының 100 000 адамға шаққандағы көрсеткіштері




| | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
|---|---|---|---|---|
| **Барлығы** | 26794 | 27533 | 26778 | 25933 |
| 0-14 жастағы балалар | 13451 | 13015 | 11896 | 12105 |
| 15-17 жастағы балалар | 7688 | 8351 | 9129 | 8235 |
| 18-ден жоғары ересек адамдар | 5655 | 6167 | 5753 | 5593 |

# Қазақстан Республикасы бойынша 2012-2013 жылдар аралығында омыртқа жотасы мен сколиоз ауруының аймақ бойынша балалар аурушаңдығы (1000 баладан анықталғаны)






# 5 мен 11 сынып оқушыларының сауалнама жауаптарының қорытындысы



# Ата-аналардан алынған сауалнама қорытындысы









# 1, 5 және 11 сынып оқушыларының бой ұзындығының оқу жиһазының өлшемдеріне сәйкес келуін анықтау

| Сынып | Оқушылар бойлары (миллиметрмен) | Оқушыға қараған үстел жиегінің еденнен биіктігі, норма | Оқушыға қараған үстел жиегінің еденнен биіктігі, өлшенген көрсеткіш | Таңбаның түсі | Орындықтың алдыңғы жиегінің еденнен биіктігі, норма | Орындықтың алдыңғы жиегінің еденнен биіктігі, өлшенген көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1150 – 1300 | 520 | 520 | Күлгін | 300 | 300 |
| 1 | 1300 – 1450 | 580 | 520 | Сары | 340 | 300 |
| 5 | 1450– 1600 | 640 | 706 | Қызыл | 380 | 405 |
| 11 | 1600 – 1750 | 700 | 706 | Жасыл | 420 | 405 |
| 11 | 1750 артық | 760 | 706 | Көгілдір | 460 | 405 |





# Бастауыш сынып оқушыларының партада отыру тәртібінің мониторингі



# 1-11 сынып оқушыларының 2016 жылғы медициналық тексеру қорытындысын талдау




| | 75 мектеп | Астана қаласы бойынша мектеп саны - 84 | Қазақстан бойынша мектеп саны | Қазақстан бойынша анықталғандар | |
|---|---|---|---|---|---|
| Омыртқа жотасының қисаюы диагнозы қойылған оқушылар саны | 7 | 588 | | | |
| Сколиоз диагнозы қойылған оқушылар саны | 5 | 420 | | | |

# 1, 5, 11 сыныптарда бес минуттық денені шынықтыру әдісін бақылау